

Нұрсұлтан

---

# НАЗАРБАЕВ:

---

## ӘДІЛЕТТІҢ АҚ ЖОЛЫ

Өмірбаян өткелдері,  
ой-толғау,  
бағыт-бағдар...

Баспаның  
сұрақтарына  
жауап



Нұрсұлтан  
**НАЗАРБАЕВ:**  
**ӘДІЛЕТТІҢ АҚ ЖОЛЫ**

Өмірбаян өткелдері, ой-толғау,  
бағыт-бағдар...

Баспаның сұрақтарына жауап

АЛМАТЫ  
«ҚАЗАҚСТАН»  
1991

ББК 66.3(к)

Н 17

**Нұрсұлтан Назарбаев: әділеттің ақ жолы:—**  
**Н 17 Алматы: Қазақстан, 1991.— 288 бет.**

Құрметті оқырман! «Қазақстан» баспасы Сіздің қолыңызға Қазақ ССР-інің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Әділеттің ақ жолы» атты кітабын ұсынып отыр. Онда қоғамымыз бүгінгі таңда басынан кешіріп отырған дағдарысты кезеңнің көптеген көкейтесті мәселелері сөз болады — Сіз Президенттің тереңнен қозғаған ой-толғаныстарымен танысасыз, Өзіңіздің ойыңыздан шықпай жүрген алуан түрлі сұрақтарыңызға нақты жауап табасыз. Қазіргі қысталаң жағдайда тура жол тауып ілгері басу мүмкін бе? Егер мүмкін болса, не істелі, не қоямыз керек — міне, Президент Сіздің алдыңызға осы мәселелер жөніндегі өз ойлары мен нақты жоспарларын бүкпесіз жайып салады. Әсіресе қазіргі нарықтық экономикаға көшу проблемалары жан-жақты сөз болады. Ал мұның бәрі Сізді де, Сіз сияқты миллиондаған өзге адамдарды да дәл қазір ойландырмай, толғандырмай қоймайды. Олай болса, Президент халықпен, соның ішінде Сіздің Өзіңізбен де сырласып ақылдасып отыр деген сөз.

Кітапта автордың өмірбаяндық очерк түріндегі естеліктері де, соңғы 20—30 жыл ішінде елімізде, соның ішінде әсіресе Қазақстанда болған саяси және экономикалық өзгерістер туралы оның жеке өзінің пікірлері де, белгілі саяси және қоғам қайраткерлеріне берген бағалары да бар. Мұның бәрі де туған республикамыздың өміріне, ондағы нақты жағдайлар мен проблемаларға, оларды шешуде кездескен қиындықтарға, қателіктерге, оларды жою жолындағы принципті күреске тікелей байланысты тартымды баяндалуы кітаптың әрбір қазақстандық үшін құндылығын арттыра түседі.

«Әділеттің ақ жолы» қалың оқырман қауымға арналған.

ISBN 5-615-01078-9

Н 0803010200—76 КБ—018—010—91 ББК 66.3(к)  
078(02)—91

ISBN 5-615-01078-9

© «Молодая гвардия», 1991 г.  
© «Қазақстан» баспасы, 1991 ж.

---

## Баспадан

Біздің қазіргі шағымызда оқырманға өз өміріміздің ең қиын тұстарын қамтитын жаңа саяси кітап ұсына қою оп-оңай нәрсе емес. Оқырман қажып бітті. Бірақ ол кез келген өркениетті қоғамға тән табиғи, тіпті керек десеңіз, қажетті ақпарат атаулының көптігінен емес, қайта оның қандай сипатта екендігінен мезі болған. Алуан түрлі айыптаулар мен әшкерелеулердің нөсерлі дауылдай жойқын күші, митингілер алаңдарында ғана емес, сонымен қатар от басы, ошақ қасында да қызбалықты күшейте түсетін, бәрін де құлатуға, бәрін де жоюға шақырған ұрандар, белгілі саяси жетекшілер мен тұтас бір саяси топтардың сезім қылын шертетін мінездемелері (көбінесе кәдуілгі таңбалау) жөнінде күн сайын болып жататын өзара пікір алысулар қаншама десеңізші... Дегенмен кез келген адамды кәдімгі қалыпты жағдайынан ауытқытуға қабілетті нәрсенің бәрін бірдей тізіп шығу тіпті қиын. Ал, неғұрлым сезімтал деген, шын мәнінде кімнің демократ, кімнің либерал, кімнің консерватор, кімнің реакционер екенін бар ниетімен түсінгісі келеді деген адамдардың өздері де оң жақтың қайда, сол жақтың қайда екенін баяғыда-ақ ажыратудан қалған.

Олар үрей мен өкініштен, тұйыққа тірелу сезімінен қажыды. Біреудің жуан білегіне үміт арту сияқты қатерлі дерттің қайталану хаупі адамдардың неғұрлым жақсы тұруды қаламағандығынан емес, қайта бұдан да жаман жағдайға душар болар ма екенбіз деген қорқынышынан туады. Өйткені жағдай енді сәл нашарласа, одан әрі нашар болуы да мүмкін емес дәрежеге жетті. Сондықтан да ең болмаса аз ғана аялдап, айнала төңірегімізге көз жүгіртетін кез келген жоқ па: біз өзіміз қайдан келіп, қайда тоқтадық, кім болдық, бұрынғыша

---

қараңғылық құшағында «ескі дүниенің» сынықтарына сүрініп-қабынып ілбip қана бара жатқан жоқпыз ба, алдымыздан жарық сәуленің белгісі біліне ме?

Міне, тап осындай қажеттілік — аз ғана аялдап, айнала төңірегімізге көз жүгірту қажеттілігі — «Молодая гвардия» баспасын өзінің мақсаты жағынан әдеттегіден біршама өзгеше осы кітапты шығаруға итермеледі. Сіздің қолыңызға тиген кітап — өмірбаяндық баяндау да емес, белгілі бір тақырып төңірегіндегі сұхбат та емес. Біз бұл кітаптың кейіпкеріне өзі туралы айтуды қажет деп санайтын нәрсенің бәрін де қамтуды ғана ұсындық. Бірақ сонымен қатар оған әдетте теледидар экраны алдында отырған, газет не кітап оқып отырған кезімізде өзімізге өзіміз жиі-жиі ойша қоятын, бірақ бәрібір жауапсыз қала беретін сұрақтарды қою құқың сақтап қалдық.

Еліміздегі қазіргі саяси жетекшілердің арасында біздің таңдауымыз неге Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа түскенін алдын-ала түсіндіріп жатуды қажет деп санамас та едік. Бірақ бір нәрсенің басы ашық, мұның себебі Советтік Қазақстанның тұңғыш Президентінің өз республикасында да, бүкіл елімізде де, шетелде де кеңінен танымал болып отырғандығында ғана емес. (Сөз реті келгенде айта кетейік, оның халық арасында және түрлі саяси күштер арасында ие болған жоғары рейтингіне өзінің мемлекеттік қызметін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы міндетімен ұштастыра жүргізуі кедергі жасап жүрген жоқ.) Кеңінен танымал болудың да түр-түрі бар екені айдай анық нәрсе. Біздің көзқарасымыз бойынша, ең жаман нәрсе — кеңінен танымал болудың қара бастың қамын ғана жеуге айналып кетуі. Ондай кезде мақсатқа жету үшін кез келген құралды пайдалануды ақтап алатын белгілі заң күшіне енбей тұра алмайтыны сөзсіз. Ал нағыз кеңінен танымал болу дегеніміз әрқашан

---

өзге мақсаттарға, адам үшін өзінің жеке басының «менінен» мейлінше жоғары тұратын теңдесі жоқ асыл қасиеттер мән-мағынасына айналатын абзал мақсаттарға ұдайы талпынудың нәтижесі болып табылады. Бірақ біз Н. Ә. Назарбаевпен оқырмандарымыздың көпшілігінен гөрі неғұрлым жақын таныс бола тұрсақ та, оның жеке басының қасиеттері мен адамгершілік абырой-атағы жөнінде өз пікірімізді өзгелердің қай-қайсысына болса да таңуға құқымыз жоқ деп санаймыз. Бұл кітаптың беттерінен әркім-ақ өзінше терең ой толғауына және өзінше қорытындылар жасауына қажетті елеулі мәселелер таба алады ғой деп үміттенеміз. Қоғамдық және саяси өмірде қазіргі жүріп жатқан процестердің жеделдік сипатын ескере отырып, бұл кітаптың жазылған уақытын, сонымен қатар қайда жазылғанын көрсете кетейік: 1991 жылғы наурыз-сәуір айлары, Алматы қаласы.

Әуел баста ақынның: «Бұл дүниеге оның қатерлі шағында келген кісі шадыман» деген сөзін түсіне қоймағанымды мойындаймын. Бәлкім, нағыз жырсүйер қауым мұныма ден қоймас, ал енді әдеби сыншылар менімен тіпті келіспес те, дегенмен қазір маған Федор Иванович Тютчев жұмыр басты пенденің өмірдегі сәулелі жақтарды ғана емес, сонымен қатар оның қайшылықтарға толы көлеңкелі жақтарын да алғыс айта қабыл алуына мүмкіндік беретін айрықша бір шуақты шақты айтқан сияқты көрінеді. Онда тіршіліктің аса биік және ақырына дейін түсініп болмайтын мән-мағынасы жатқандай. Бәлкім, бұл қараңғы түнекте ұзақ уақыт адасып жүріп, біз бен сізге ұқсап, тескентаудың ар жағында жарық барын әлі көрмесе де ойша сезініп, қайдан келіп, қайда баратынын бағдарлаған, әбден арып-ашыған, ауыр жолының түпкі мақсаты қандай екенін ұғынған жолаушының жағдайы секілді шығар.

Қазір біз табан жолымызды түк көрмей, қарманып жүріп табудан арылып келе жатқандаймыз. Бірақ әлі де тайып кетудің, таптаурын болған бұлтарысты бұралаң жолға түсіп кетудің хаупі зор. Бұндай сәттерде өткеннің тағлымы туралы тәптіштеу дәстүрге айналған дерлік. Ал мен үшін қазір көп айтып, қызыл кеңірдек болыса беретін өткен шақ — бұл ең алдымен менің өз тағдырым, менің жақындарымның тағдыры.

Қазақта жеті атасын білмеу мүлде ұят. Сондықтан да қазір тіпті қаладағы пәтерде кішкентай немерелеріне

олардың атасы, атасының атасы, бабалары мен арғы тегінің кім екенін және кім болғанын ыждаһатпен айтып отыратын ақ шашты әжелер аз емес. Қазақтарды өткен күнмен байланыстыратын бұл халық дәстүрі, зерденің басқа да қуатты тамырлары болмаса, олар осы ғасырдағы баса-көктей өктемдеп енген мидай араласып кету әрекеттеріне қарсы тұра алмаған болар еді. Бірақ, бұл айрықша әңгіме.

Біздің зердеміз, әсіресе күйіншіті сәттерде, алыста қалған балалық шақтың көріністерін ойға оралтатыны кездейсоқ болмаса керек. Сәби зердесі дүниені неғұрлым табиғи қалпында қабылдап, тіпті ең ұсақ-түйек дейтін, бірақ ең қасиетті жайларды есте сақтап қалуға қабілетті деген сөз бекер емес шығар. Маған қазір Қазақстанның соғыстан кейінгі, әсіресе мен ересек тартқан елуінші жылдардағы тағдырын көз алдыма келтірудің оңайлығы сондықтан да болар. Қалай десек те, есімде қалған ең әуелгі әсерлерімді, бәлкім, Алатау жоталарының ғажайып сұлулығын суреттеуден бастағаным жөн болар еді. Әйтсе де, басқа бір сезім — ұдайы ашқұрсақ жүруім санамда күштірек жатталып қалыпты.

...Мені құлқын сәриден оятар еді, мен арбаға есек жегіп, жұмысшы қалашығындағы (қазір онда Қарғалы мәуіті-шұға комбинаты бар) ертеңгі сағат алтыда ашылатын дүкенге уақтылы жетіп үлгеру үшін ауылдан асыға шығатынымын. Шұбатылған ұзақ кезекке тұрамын. Егер алды-артымда тұрғандар тыныш болып, мені кезектен итеріп шығарып жібермесе, ұлы сәскеде нағыз ілігемін. Қап-қара нан, салмақты, қолды сәл батырсаң, қабығында саусақтардың ізі қалатын. Үйге бірден он бөлше әкелу үшін кезекке екі, кейде үш қайтара тұратын едім. Мұндай нанды ұзақ сақтауға болмайды. Бөлкелерді турап-турап, кептіру үшін күн көзіне қоятынбыз. Бұл бәріміз үшін зор қуаныш болатын. Алайда анданда — сиыр бұзаулағанда нағыз мейрамға кенелетін-



біз. Әдетте оның сүтін талшық ететінбіз. Айран ұйытып, жүгері талқанын шылап жейтінбіз. Егер сол нәпақа болмағанда күніміз қараң болатыны кәміл еді. Біздің үй ғана емес, айнала төңіректегілердің бәрі осылай тірлік ететін.

Кейінгі кезде өзінің «пролетарлық» тегімен көкірек қағу басқа бір нәрсенің салқынымен алмасты: қайткенде де өз тегінен «аксүйектік» қасиет іздеп табу етек алды. Ондай біздің тұқымда болған емес. Мен — қойшылардың ұлымын, немересімін және шөбересімін. Демек, ешқандай аксүйектер әулетінен емеспін.

Менің ата-бабаларым Алатау баурайында, қазір Алматы облысындағы Қаскелең ауданының құрамына енетін Шамалған ауылында өмір сүрген. Бағзы заманнан бері қарай басқа да көптеген халықтар секілді қазақтар да балаларына фамилия етіп әкесінің ныспысын беретін болған. Біздің кей жерлерде және жалпы Шығыста бүгінде де осылай етіп жүр. Егер біздің әдет-ғұрпымыз қазіргі паспорт жүйесіне кереғар келмегенде мен Назарбаев емес, Әбішев болып жүрер едім.

Атам да, жалпы оның әулеті де, іс жүзінде далалық емес, таулықтар еді. Бұның өзі Қазақстан үшін мүлде тың құбылыс болатын. Олар таудағы жайлаудан етекке сирек түсетін. Тау шатқалдарын қыстап қалатын кездері де болатын. Бірақ Назарбай кенет дүние салғанда үйелмені ойға түсіп, отырықшылық өмірді бастауына тура келіпті. Ол менің әкемнің не бары үшке толған кезі екен. Ал он бір жасында Әбішті ауқатты орыс үйіне жалға орналастырыпты. Бұл тұста біздің ауыл сол жылдардың өзінде әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың араласқұралас мекені болғанын атап өткен абзал. Қаскелең өзенінің бір бетінде қазақтар, екінші бетінде — Орталық Ресейден, Доннан қоныс аударушылар, украиндар тұрып жатты. Олар тату-тәтті өмір сүрді, жер де, су да бәріне жететін...

Жасөспірім жетімек аса шаруақор, қайырымды адамдарға тап болыпты — олар Никифоровтар еді. Ол орысшаны тез үйреніп, шаруашылыққа төселіп алады, іскерлігінің арқасында барған сайын таптырмайтын қызметкер болыпты. Әкем етік тігіп, жер өңдеп, диірмен жүргізіп, жәрмеңкеде ұтымды сауда-саттық жасай да білетін. Және де ол орыстың, қазақтың әндерін күй-кылжыта салатын. Әйелі Әлжан да өзіне бап қосылған. Рас, ол да жетім екен, бірақ шынтуайтында, ауылда ән салып, өлең шығаруда оған ешкім тең келмейтін. Олардан аз да болса маған да бір нәрсе жұғыпты — әлі күнге дейін домбыраның құлағында ойнауға бармын.

Әрине, ол жылдар ешкімнің қағанағын қарқ, сағанағын сарқ қылған емес, ән мен биге ілуде бір қол тиетін. Әкем айтатынындай, арқа еті арша, борбай еті борша болғанша еңбек етуге тура келіпті. Алайда, «еңбек ет те, міндет ет» деген ғой. Қожайын Никифоровтың әулетінде үш ұл бар екен, бірақ барлық мәселеде оларға басшылық жасау Әбішке жүктелетін болыпты. Еңбекақы да әділ беріліп, әкемнің орыстардан ешқашан меселі қайтып көрмепті. 29-шы жылдың қатерлі көктемі келгенде, қазақ пен орыс әулеттері, бәлкім, осылай зейнетті еңбек қаракетін кешіп, өмір сүре берер де ме еді. «Коллективтендіру» деген тіл сүріндіретін түсініксіз сөзді шамалғандықтар тұңғыш рет сонда естіген болатын. Қазақтар өздері үшін «феодализмнен бірден коммунизмге өту» заманы басталғанын үш ұйықтаса түсінде де көрмеген еді. Әйтсе де Қаскелеңнің арғы-бергі жағасындағы мықты қожалықтар ыдырап, мал-мүлікті тәркілеу туралы қара қауесет жайылғанда түйткілдің қайда екенін тез түсінді.

Колхоз белсенділері алдымен Никифоровтың тамырына балта шапты. Әкеме тимепті — жалшының аты жалшы ғой. Керісінше, кедейлер комитетіне шақырып, дәмелендіріп, тәркіленген диірменді бергісі келіпті. Тек

Әбіш кісі дүниесіне қызықпапты, өйткені оның қандай маңдай термен келетінін басқалардан гөрі жақсы білетін. Бәрінен жұрдай болған адамдар ауылдан шұбырып кетіп жатты. Тәркіленгендердің баз бірін Қазақстанның басқа өлкелеріне, ал кейбірін одан әрі — Солтүстікке айдады. Шамалғанды басқа жақтан жер аударылған «кулактар» басты. Алайда, олардың шаруашылықпен айналысуына рұқсат етілмей, қолдарына қайла мен кетпен ұстатып, тауда жол салуға жекті. Қазір де, ондаған жыл өтсе де, жергілікті тұрғындар осынау бұралаң жолды — «жазалылардың жолы» деседі. Әкеме сол құрылыста бригадир болу тапсырылыпты. Сол «жазалылардың» арасынан ол менің болашақ анамды кездестіріпті.

Қазақ даласына ауыр нәубет келді. Бүгінде біз республикада сол коллективтендіруді жедеғабыл жүзеге асыруға ешқандай да не теориялық негіз, не экономикалық жағдай болмағанын түсінеміз. Дөрекі басшылық, кейбір жергілікті кадрлардың қарақан бастың қамы үшін тап күресін ушықтырып, «елді жеделдете отырықшыландырудың» онсыз да жосықсыз қарқынын одан әрі ұшындыруы ауыр жағдайды тіпті қиындата түсті. Ал В. И. Ленин РК(б)П VIII съезінде сөйлеген сөзінде кейбір шыдамсыз солшылдарға Ресей орталығының үлгісімен Шығыс халықтарына таптық күресті ешқандай да таңуға болмайтынын түсіндірген болатын: «Біз осы халықтарға барып: «Біз сіздердің қанаушыларыңызды лактырып тастаймыз»,— деп айта аламыз ба? Біз мұны істей алмаймыз... Бұл арада сол халықтың дамып жетілуін күту керек...» (Л е н и н В. И. Шығармалар толық жинағы, 38-том, 175-бет). Бірақ әсіре революционерлердің мұны күткісі келмеді.

Сондай партия функционерлерінің бірі — 1925 жылдан 1933 жылға дейін БК(б)П өлкелік комитетін басқарған Ф. И. Голощекин еді. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген сөз оның сүйікті мәтеліне

айналды. Қазақ халқына құлақ естіп, көз көрмеген сұмдық қасірет әкелген «қазақ ауылын Қазан сыпырғышымен ұшықтаймыз» дейтін жек көрінішті ұранның иесі де, орындаушысы да сол болды. Көшпелі малшының жалғыз күнкөріс көзі — малын тартып алды. Күтімсіз жануарлар жемшөпсіз колхозда жаппай қырылды, ал адамдар аштан өлді. Егер 1926 жылғы бүкілодақтық халық санағында республикадағы қазақтар саны ең шамамен дегенде 3 миллион 628 мың адам болса, 1939 жылғы санақ бойынша 2 миллионға әрең жетіп жығылды. Тек аштықтың өзі жүз мыңдаған адамның өмірін жұтты. Қазақстаннан тыс жерлерге 1,5 миллион қазақ үдере көшті, оның 400 мыңдайы кері оралмады.

Әкем де үй-ішімен тау сағалап, қайтадан мал жаюға кіріседі, көшіп-қонып жүреді. Сол кездегі жан түршіктіретілік жағдай оның жүрегіне жазылмастай жара салды.

...1962 жылы мен, жас металлург, комсомол съезінің делегаты болып Мәскеуден үйге оралғаным әлі есімде. Әрине, әсер деген ұшан-теңіз! Әкем мен көршілерге асығып-үсігіп Хрущев туралы, оның еліміз комсомолдары алдындағы сөйлеген сөзі туралы, қала мен ауыл арасындағы өзгешеліктердің бірте-бірте жойылып, село өмірінде керемет мүмкіндіктер болатынын баса айттым. Үлкендердің маған көңіл бөлгеніне масаттанып, ақсақалдар жүзінде мысқыл пайда болғанын байқамай сайрай беріппін. Ал әкем маған күстаналап қарап отыр екен. Ақыры, нұрлы болашаққа қарай бағытталған қозғалысымызға кедергі жасайтын қосалқы жеке шаруашылық пен үй маңындағы учаскені жөн-жосықсыз жерден алып, жерге салғанымда, қарт Әбіштің төзімі таусылды білем.

— Тоқтат, балам, мұндай сөзді радиодан ести-ести құлағымыз сарсыған. Одандағы мынаны айтшы: Мәскеудегілердің есі дұрыс па өзі? Әлде отызыншы

жылдағыдай жұртты тағы да аштықпен титықтатпақ па? Ауыл адамында жер болмаса, қойшыны жеке малынсыз қалдырсақ — олар даладағы жел қуған қаңбақ емес пе? Сұлтан (үйде мені осылай атайтын), сен ренжімей-ақ қой, жүрегің жарыла қуанатындай ештеңе жоқ, сен бізге жаманат хабар жеткіздің...

Мен сондағы өз қателігімді арада көп жыл өткен соң жерлестеріме сүйіншілете жақсы хабар әкеліп, түзеттім. Бұл да Мәскеуге барып, мәртебелі Кремль кабинетінде мен үшін өте маңызды да есте қалатын әңгімеден соң болып еді. Михаил Сергеевич Горбачевпен болған сұхбатта әңгіме республикада ет өндіруді шұғыл арттыру мәселесіне ойысканда шаруа қожалықтарын шектеу емес, барынша дамыту жайында ол кезде құлаққа тосын естілетін ой қозғадым. Ауыл тұрғындары екі сиыр ұстаса да, онын бақса да мейлі — алла жар болсын! М. С. Горбачев мені қолдады, тәуекел етіп, республикада тәжірибе жасап көруге келісім берді. Бұл жеке секторға кең жол ашқан СОКП Орталық Комитетінің 1987 жылғы белгілі наурыз Пленумынан көп бұрын болғанын атап өткім келеді. Ал жалгерлік пен фермерлік жөнінде ол кезде тіпті сөз де жоқ болатын!

Қысқасы, Мәскеуден оралысымен ең әуелі соңғы сайлауда өзімді ССРО халық депутаттығына сайлаған жерлестерімнің ортасына келдім. Қабылданған шешім туралы айттым. Олардың балбұл жанған жүздеріне қарап, қасымда әкемнің жоқтығына қатты өкіндім. Ақылман Әбіш жаңа кезеңге жеткен жоқ, оның шаруагер жанын жадырататын соны хабарды ести алмай кетті.

Іске жаңаша көзқарас нәтижесі (негізінде жаңа еш нәрсе ойлап табылған жоқ еді) менің өзімді де таң қалдырғанын мойындау керек. 1987 жылдың аяғында-ақ Қазақстанда ет өндіру жан басына шаққанда 5 килограмм өсіп, одан кейін де бұрын-соңды болмаған қарқынмен артты. Егер 1975 жылдан 1985 жылға дейінгі

аралықта үстеме не бары 2 килограмм болса, соңғы бесжылдықта ол 12 килограмм өсті. Бұның бәрі мемлекет тарапынан бөлінетін қосымша шығын мен күрделі қаржысыз-ақ жасалды! Ал біз болсақ, шаруаның табиғи белсенділігі мен іскерлігін тежейтін тас берік есікте сәл ғана саңылау ашып, жаппай әкімшілдіктің тым қапырық ахуалында адамдарға титтей ғана еркіндік беру үшін қолдан келгенді ғана жасадық...

Кеуде кере тыныстау дегеннің қандай бақыт екенін балалық шақтан бері білемін. Әкем колхозға кірсе де (басқа таңдайтын ештеме болған жоқ), тауда қалып, колхоз малын бақты. Қазақтар қой, қара мал барында жұтамайтынын ежелден-ақ білетін. Сол таудағы жайлауда мен дүниеге келіппін. Бұл 1940 жыл еді.

Сол жылы бізді бір қырсық шалыпты — қыстауда өрт шығыпты. Әкем өртті өшіремін деп жүріп қатты күйіп қалыпты. Әсіресе қолы. Тәуіптердің әрекетінен қайран болмады, қолы икемге келмей, қатып-семе бастады. Бір жылдан кейін соғыс басталғанда оны сол себепті әскерге алмапты, әкеме «ақ билет» беріпті. Бірақ соғыстың ауыр сыны біздің шаңырағымызды да айналып өткен жоқ. Ересектердің айтуынша білетінім, сол бір сұрапыл жылдары біздің үйімізді аштық пен аяз ұдайы қыспаққа алыпты. Ең қорқыныштысы қасқырлар болыпты. Олардың жан түршіктіретілік зарлы үнмен ұлығанын естігенде, анамның жүзі неге құқыл тартып, боп-боз болып кететінінің шын мәнісін кейін, есейгенде барып түсіндім. Ол қасқырлардан қорықпаған. Әкем ит-құстың бетін жалғыз қолымен де қайтаратынына сенімді болыпты. Ең қорқыныштысы басқа екен — егер ұялас қасқырлар бір қойды тамақтап кетсе, онда учетчиктің алдында қалай ақталмақ? Ол кезде ешқандай себепке құлақ аспайтын: егер шопан қорадағы қойын аман сақтамаған екен — сотқа тартылып, он жыл арқалап кете баратын.

Зады, таудың тез өте шығатын жазы ғана қуанышқа кенелтетін. Ойын баласы мені таудың көкөрай шалғыны тек сұлулығымен қызықтырып, эстетикалық әсерге бөлеп қана қоймайтын. Ол көп жағдайда тағамдық жағынан қызықтыратын. Қант, күлше, шай дегендерін көзден бұлбұл ұшқан, мейлінше қат еді. Оның есесіне анамның көмегімен тәтті тамырды, хош иісті жеміс-жидекті, басқа да кәделік нәрселерді іздеп тауып, теріп әкелуді тез үйреніп алдым. Негізінен соларды талғажау етіп күн көретінбіз. Жетіп, артылып жататыны Алатаудың қарлы шыңдары үстіндегі мөп-мөлдір көгілдір аспан, жомарттықпен құйылған күн нұры, кәусар ауа болатын. Балалық шағымның сол таудағы қайталанбас саф ауасы.

...Соғыстан кейінгі жылдар есімде жақсы сақталыпты. Ата-анаммен бірге етектегі Шамалғанға алғаш рет түскенбіз. Жұрт Жеңісті тойлап жатты. Мұндай қарақұрым халықты бұрын көрген емеспін. Көп жай анама да тосындау еді. Ол да балкарларды, чешендерді, немістерді, месхеттік түріктерді (сол кезде олар өздерін эзірбайжандармыз дейтін еді) тұңғыш рет көріпті. Соғыстың сол сұрапыл жылдары біздің бір кездегі тыптыныш жатқан момақан ауылымызға кімдерді жинамады десеңізші! Тегінде, Жеңістен кейін еліміздегі қатал тәртіп жүйесі сәл де болса жұмсарған болуы керек, Шамалғанға отызыншы жылдары басқа жаққа жер аударылған «кулактардың» кейбірі қайта орала бастады. Бауыр басқан жерге Никифоровтар да, рас балалары ғана келді. Ал, отағасы бір қиырдағы жат жұртта мәңгілік көз жұмыпты.

Қазір сол жылдар еске түскенде көп жайға таң қаласың. Мүлде басқаша өмір болатын! Мәселен, бүгіндері Қазақстанда да, басқа көптеген республикаларда да шиеленіскен тіл мәселесін алайықшы. Ол кезде бұл мәселе ешкімнің ойына да кірмейтін. Екі немесе бір-

неше тіл біду әбден үйреншікті болатын. Әкем жер ауып келген балқарлардың тілін жақсы білетін, олардың бауырындай болып кетіп еді. Иә, бұрын бірде-бір орыс сөзін естімеген алты жасар мен орыстар қазақша білмесе, олардың арасында қалайша өмір сүрген болар едім? Араға бір жыл салғанда менің де әжептәуір орысша тіл сындыруым онша қиынға соққан жоқ. Балқарлармен, түріктермен кәдімгідей сөйлесе беретінмін, шешендерді түсініп, тіпті неміс балаларымен олардың тілінде бірлі-жарым сөздерін айтып тіл қатысатын едім. Бүгінде ұлтаралық қарым-қатынастың осынау қымбат жарасымын қалай жоғалтып алғанымызды түсіну қиын. Біз неге өзіміздің тіл қазынамызға жүрдім-бардым қарадық екен. Міне, қашанда осылай: барды бағаламай, жоққа жылаймыз.

...1990 жылғы қыркүйекте Алматыдағы орыс-қазақ аралас мектептердің бірінде миллион халқы бар қаланың бүкіл тұрғындарын дүрліктірген жарылыс болды. Бақытқа қарай, құрбан болған ешкім жоқ еді. Біздегі айтылатынындай «тиісті орындардың» күш салуына қарамастан, арандатудың нақты айыпкерлері табылмады. Әлдекімдер бұны балалардың қауіпті шалдуарлығы деп есептегенмен, маған бұл әрекет белгілі саяси мүдде көздеген үлкен «ағалардың» қатысуынсыз өтпегендей болып көрінеді де тұрады. Оның себебі мынадай. Жарылыс орны мектеп үйін қазақ және орыс бөліктері етіп екіге бөліп тұрған темір тор тұрған жер болғанының өзі тегін емес. Оны білім төңірегіндегі көлденең көк аттылардың әкімшілдік ыңғайына жығылып, мектепте екі директор, екі оқу ісінің меңгерушісі, мүлде екі түрлі мұғалімдер коллективі құрылғанда орнатылты. Рас, бір апанда екі аю ешқашан бірге тұра алмайтынындай, «егемендік» үшін тартыс басталып ақырында, үй ішінде «шекаралық шеп» құрумен аяқталыпты. Бұл, шынында да, біздің кейбір парламенттерде үйірсек болып



алған бөлшектену ойындарына ұқсап тұрған жоқ па! Мұғалімдер өз әрекеттерімен балаларды ұлттық белгілеріне қарай бөліп, қасіретті тартыс заңы бойынша ертелі-кеш әйтеуір бір жарылуы тиіс «минаны» өз қолдарымен қойғанын байқамай да қалған.

Әлі күнге дейін өздеріне деген сүйіспеншілігімді сақтаған өз мұғалімдерімнің орнында қазіргі «ұлт тазалығын» қызғыштай қорғайтындар болғанда, Шамалғанның мен оқыған шағын да қораш орыс-қазақ аралас мектебінде қаншама темір тор орнатылған болар еді деген ой келеді. Бізде орысша да, қазақша да кластар болатын және де оларда әр түрлі ұлт балалары оқитын. Егер украин не чешен баласы қазақша оқыса, еш сөкетігі жоқ еді. Мәселен, мен әуелі қазақ класына барып, алты жылдан кейін орысша, ал содан кейін оныншыда қайтадан қазақша оқи бастадым.

Әлбетте, балалардың аты балалар. «Қабырғамен қабырға» тұтасып тұрып та, көшемен көше де төбелескен сәттер болды. Бірақ ешқашанда «төбелескіштер» тобы ұлттық өзгешелігімен жіктелмейтін. Егер қазақ үйіне месхеттік түріктің баспанасы жапсарлас салынып, ал келесі үйлерде Богдан, Рихард, Олег тұрып жатса, қайтіп бөлінеді...

Жас ұлғайған сайын адамдар бұрынғыларға бүйрегі бұрып, кешкен ғұмырын әсірелеп еске алады деседі. Бәлкім, бұл солай да шығар. Бірақ халықтар достығы мен үшін ешқашан әлдебір жалпылама ұғым емес. Ол сенімен бірге өмір сүріп, ортақ ойлармен қарекет кешіп жүрген басқа ұлт өкілдеріне деген қарапайым адамның сезімімен астасып, көрініс тауып жатады. Сондықтан да кейінгі кезде «достық» деген сөзден қашқақтап, оны «ұлтаралық қатынастар» деген мәнсіз сөз тіркесімен алмастырып жүргеніміз өкінішті-ақ.

Кешегі мен бүгінгіні салыстыру мүлде жарамсыз қылық екенін түсінемін. Мұндайда сағынышқа бой

алдырып, жеке адамның жалаң топшылауына ұрыну оп-оңай. Алайда, қазір қабағы қарс жабылып, түксііп жүретін, жүзінен жылылық сезілмейтін өз отандастарымның ызалы жүзіне қарап, үнемі өзіме өзім сауал қоямын: бұның себебі не? Бүгінгі өмір кешегіден сондайлық нашар ма? Былайша қарағанда, тіпті де олай емес секілді. Тіпті біздің қоғамымызды түгелдей меңдеп алған бүкіл жағымсыз құбылыстарды, дүкендердің жартылай бос тұрған сөрелері мен қылмыстың күрт өсуін қоса ескерсек те, қырқыншы, елуінші жылдардағы өмір деңгейі әлдеқайда төмен көрінер еді. Бәлкім, мұндай қоғамдық торығушылықтың себебі имандылықтың жұпыны тартуында жатқан шығар. Адамдар алдарқатудан шаршады, дәл бүгін еш нәрсеге жете алмай, әлдебір перспектива атаулыдан айрылып қалды. Және ең жаманы, тер төге адал еңбек етуді ұмытты, бұған көп ретте жиырма жылға созылған брежневтік басқарудың іріген-шіріген жағдайы мейлінше ықпал етті. Шығыста, егер пайғамбар кателесе, оған ілесіп, барша үмбеті сүрінеді деседі. Жаппай теңгермешілік пен жауапсыздықтың, жемқорлық пен жалған ұрандардың жемік тоты адам жанын жегідей жеп, имандылығынан айыру жағына келгенде сталиндік қуғын-сүргін кезеңіндегіден де асып түсті.

Қазір бүкіл педагогтық коллективтер қайтсек тиімді ұйымдастырамыз деп бастарын катырып жүрген еңбек тәрбиесі дейтініміз менің мектеп қабырғасындағы жылдарымда көкейкесті қиын проблема болмайтын. Егер сол кезде әлдекім балалардың бойында еңбекті құрметтеу сезімін тәрбиелеу қажет деп өзеуресе, бәлкім, оны есуас санар еді. Өйткені біз қазір ауа жұтып тыныстаудың қажеттігі жөнінде дәнене айтпаймыз ғой.

...Соғыстан кейінгі кезең, қырқыншы жылдардың аяғы мен елуінші жылдардың бас кезі. Анам колхоздан күтіп-баптауға бір гектар қызылша алады. Көктемнен

бастап алғашқы қар түскенге дейін бір толастамайтын азап еңбек. Тұқым сепкеннен кейін ми қайнатқан ыстық күн астында бел жазбай жүріп, осынау гектардағы егісті сиретіп қолмен жұлуды көзге елестетіп көріңізіші. Бұл ғұмыр бойы есте қалады. Ал ақырында қызылша тамырлап, піскен кезде оны үлкен пышақпен тазалап, тиеп өткізіп, содан соң Боралдай қант заводына барып, бір жарым қапшық қант алу үшін колхоздан берілетін анықтамаға қол жеткізу керек. Еңбеккүнің алатының сол ғана, ал ақшадай соқыр тиын да төленбейтін.

Әкеме таудың қия бетіне бірнеше гектар бидай егіп, астығын колхозға өткізу тапсырылғаны есімде қалыпты. Бидай піскенде әкем екеуміз оны қолмен оғанбыз. Түнделетіп айдың жарығымен ордық. Масақ біркелкі, бірыңғай жатуы үшін шалғыға тырма қосақталатын. Бұндай ауыр жұмыста екі-үш сағат осылай жұмыс істегеннен кейін тұла бойың сіресіп, белің жан шыдатпастай сыздайтын еді. Біз орып, шешем баулап, қызылдау үшін колхоз орталығындағы қырманға апаратынбыз.

Негізінде әкемнің басты шаруасы мал бағу болатын. Егер оны ертеден түнге дейін еңбек етті десем, бәрібір бұл да жетімсіз соғып жатар еді. Мен оның қай кезде ұйықтайтынын, немесе ештеңе істемей, құр тынығып отырған сәтін көрген емеспін. Бірде отын жарса, бірде томар қопаратын, енді бірде бірдеңе сату үшін базарға кетіп бара жататын. Ол дәулетті орыстар қолында өскендіктен егін салуды да жақсы білетін. Пәлендей білімі болмаса да, миуа ағаштарын будандастыруға кәнігі еді. Жұрт біздің баққа келіп, керемет өсіп тұрған таңғажайып жемістерді немесе бір жағында кәдімгі апорт алмасы, екінші жағында уылжыған алмұрт пісіп тұрған ағашты тамашалайтын.

Әкем өсірген ондай алманы кейін еш жерден де көрген емеспін. Өзінің сүйікті сортты алмасы — апорт-

ты ол келесі көктемге дейін бұзбай сақтайтын еді. Наурыз бен сәуірде оны базарға апарып, қымбатырақ сатуға болатын. Бірақ басқа да қиындықтар қоздап жататын: Шамалғаннан Алматыға дейін 45 шақырым, алма ат-арбамен тасылатын, оны біреулердің жолай тонап кетуі де мүмкін еді.

Маусым айында-ақ біз картоп қазып, оны да базарға апаратынбыз. Картоп егер алдында әкем оның тұқымын үйде, сонау ақпан айында-ақ дайындай бастайтын. Біздің үйіміз сондай тұқымдық картопқа толып кететіні есімде. Әкем әрбір картопты көзіне қарай бірнеше бөлік етіп кесетін. Ең бастысы өскіннің жерге көмілуінде болатын.

Картопты қазып алғаннан кейін сол жерге себілген жоңышқа да біраз пайда түсіретін. Ол жемшөп ретінде жоғары бағаланатын әрі өтімді болатын.

Бұны неге еске алып отырмын? Ол кезде қанша шарқ ұрып колхозда ойың онға, санаң санға бөлінгенімен өмір сүру, дәлірек айтқанда, аман қалу, үй маңындағы қосалқы шаруашылықтың арқасында ғана мүмкін болатын еді. Жаңылмасам, біз еңбеккүнге бір рет қана толмаған жеті қап бидай алған болатынбыз. Үш-төрт центнер тартқан шығар шамасы. Біз ол астықты колхоз орталығынан арбамен алып келдік, көңіліміз өсіп, өзімізді бақытты сезініп (өзіміздің табан ақы, маңдай терімізбен тапқанымыз ғой!) келдік.

Алайда, күндердің күнінде үй маңындағы жерімізді (ол жарты гектар еді) азайта бастады, әуелі он сотықты, одан соң тағы да бірте-бірте кесіп ала берді... Әкем ат десе ішкен асын жерге қоятын. Бірақ көп ұзамай одан да күдер үзуге тура келді — ат ұстауға да тыйым салынды. Сондағы себеп жемшөп колхозға керек екен. Ал бірде өз көзіме өзім сенбедім: әкем алма ағаштарын өз қолымен отап жатыр. Сөйтсем, әр түп ағаш үшін салық төлеуден құтылу керек болыпты. Үй іші қатты тарықты:

ішетініміз құр шай ғана, анда-санда бір түйір қант болады. Маңдайға біткен жалғыз сиырдан колхозға тапсырылуға тиісті сары май мөлшерінің көптігі сонша, өзімізге тек көк сүт қалатын.

Әрине, көп нәрсені түсіндіруге болады. Бірақ соншалықты еңбекқор адамдарымыздың мұндай мүшкіл халге қалай тап болғанын кей-кейде ойлай бастасаң-ақ, сайтан алғырды еш түсінбей бас қатыруға тура келетінін қайтерсің!..

Ол кезде менің бір ғана нәрсеге ықыласым қатты ауды: тезірек еңбекке араласып табыс тауып, үй ішіне түскен ауыртпалықты аз да болса жеңілдетсем дейтінмін. Өйткені, балалардың үлкені мен едім. Менен өзге үш бала болатын, оның үстіне әкемнің де, шешемнің де жиен қыздары бізбен бірге тұратын. Әжеміз де бар еді, үйіміздің іргесінде әкемнің мылқау немере бауыры тұратын. Ол өзі бір ғажайып адам еді — денесі алпамсадай, орасан зор күш иесі болса да, адамдарға, айнала төңірегіндегілердің бәріне бірдей соншалықты нәзік сезіммен қарайтын мейірбан жан еді...

Оқып білім алуға құштарлығым қаншалықты зор болғанымен де, бәрібір үй ішіне әйтеуір бір қолғабыс етсем деген сезім жеңе берді. Оның үстіне біздің ауылға келіп-кетіп жүрген студенттердің қайыршыдай хал кешіп, қатты қиналатынын өз көзімізбен көретінбіз. Ол кезде жарытымды стипендия деген болмайтын.

Оқу маған о бастан жеңіл тиді. Сөз реті келгенде айта кетейін, мен бірінші класқа барғанда біздің жеке өз үйіміз де жоқ еді. Әке-шешем көшіп-қонумен жүретін: жазда тауға кетіп, кейін күзге қарай етекке түсіп, қыстауға бір-ақ оралатын. Сондықтан да менің төртінші класқа дейін әкемнің інісінің үйінде жатып оқуыма тура келді. Әдетте мені мектепке баруға әтештің шақыруына қарай оятатын. Сағат дегеніңіз атымен болмайтын. Ұйқылы көзбен қалың қарды омбылап, алты-жеті

шақырым жол жүріп мектепке жететінмін. Жеткен кезде кейде сағат әлі бес не алты болып шығатын. Ондайда күзетшінің қайырымы түссе жақсы, есік ашып, ішке кіргізеді, пеш жағады. Оның жанында маужырап ұйықтап алуға да болады. Үйге берілетін тапсырманы орындайтын уақыт тек түн мезгілі ғана. Өйткені, атқаратын шаруа шаш-етектен: малға шөп салу, қорадағы малдың астын тазалау, су әкелу, огородтың арамшөбін отау жұмыстары тіпті таусылмайтын. Оның есесіне алтындай қымбат уақытты бағалай білуді үйрендім, сабаққа дайындалуға да, өзім қатты құмартып алған кітап оқуға да уақыт табатын болдым. Әрине, кітап оқуымда ешқандай да белгілі бір жүйе жоқ еді. Мектеп кітапханасынан қолға түскендердің бәрін ала беретінмін. Менің бақытыма қарай, оның кітап қоры онша жұпыны болмай шықты. Пушкиннің, Лермонтовтың, Лев Толстойдың, Горькийдің, өзіміздің қазақ классиктері — Мүсіреповтің, Мұстафиннің, Әуезовтің, Мұқановтың көптеген туындыларын оқып шығуымның сәті түсті. Ал енді менің де, құрдастарымның да фантастика мен шытырман оқиғалы кітаптарға деген құмарлығымыз ерекше еді. Бізді Дюма, Конан Дойл, Беляев, Хаггард, Купер кейіпкерлерінің мүлде әдеттен тыс, бейтаныс болса да, соншалықты тартымды әлемі қатты еліктіретін. Біз өз ойынымызда сол бір қызық дүниені қайталауға тырысатынбыз. Біздің шамалғандық өз нояндарымыз да, Шерлок Холмстарымыз да, қызыл тәнді үндістеріміз де, ақ түсті із кесушілеріміз де бар болатын...

Бұл тұста сол жылдардағы қала мен патриархаттық ауыл өмірінің бір-бірінен мүлде алшақ болғанын айта кеткен де ләзім. Қала баласы үшін тіпті де таңсық емес нәрселердің бәрі біз үшін көп ретте қол жетпейтін арман болып қалатын. Бізге күйбең тіршілік етене жақын болатын, ал күнкөріс қамы әлдеқайда қиынырақ еді. Бұның өзі біздің болашаққа деген талпынысымызды

едәуір тежей түсуге, өз мүмкіндіктерімізді неғұрлым шектеп бағалауымызға еріксіз итермеледі.

Геолог болсам деген мүбәда арманның қайдан сап ете қалғанына өзім де қайранмын. Бәлкім, газеттердің әсері болар. Біз жоғары класта жүргенде «Лениншіл жас» пен «Ленинская смена» газеттерін қызыға оқитынбыз. Сол кезде баспасөз бен радиода Қазақстан Магниткасының құрылысы туралы, осы кәсіпорынның келешегі және оған жастарды шақыру жайында көп жазылып, көп айтылатын. Неге екенін қайдам, ол кезде менің ұғымымда тау-кен қазбалары, металлургия геологиямен бірдей болып көрінетін. Әкем геологтың кім екенін білмейтін. Бірде ол ойламаған жерде мынадай бір оқиғаға тап болыпты. Қысқа салым отарды етекке түсіріп, құмға қарай айдап бара жатып, ол геологиялық партияның үстінен түседі. Адасып кетіп, әбден шаршап-шалдыққан геологтар шағыл құмның үстінде өлім аузында жатыр екен. Аттары өліп, түйесі кетіп қалыпты. Әкем олардың ауыздарына су тамызып, тамақтандырып болған соң өзімен бірге ерте келіпті. Үйге келісімен маған: «Осындай геолог болғың келеді ғой?» деп сөзін қысқа қайырды.

Қалай дегенде де әкем менің оқуым керек екенін түсінді. Ол да, анам да ептеп қана хат танитын, ал сауатты кісілерді құрмет тұтатын. Тегінде қазақтар арасында оқымысты адамдар елден ерекше құрметке ие болатын. Біздің үйге бас сұққан мектеп директоры мен мұғалімдердің де бір ауыздан менің оқуды жалғастыруым керек екендігін айтуы да әсер етті-ау деймін. Әкем бір нәрсені де байқапты: менен ересек жастардың өзі де қанша тырысқанымен, қара жұмыста қабырғасын қанша қайыстырғанымен өз ата-аналарының тауқыметін жеңілдетіп жарыта алған жоқ екен. Сондықтан да жетіжылдықты бітіргеннен кейін менің оқуды жалғастыруым керек пе, әлде жұмыс істеуім қажет пе деген

мәселе күн тәртібіне қойылған кезде отбасының кеңесі бала оқи берсін деп кесімді шешімге келгені кездейсоқ емес еді. Сонымен мен туған ауылымнан тұңғыш рет жолға шықтым. Әзірше ұзай қойған жоқпын — онжылдық мектеп-интернаты бар аудан орталығы Қаскелең онша алыс емес еді.

Өзіміздің асыраушымыз болады деп үміт артып отырған мені ата-анамның өз қолдарынан шығарып алып, қаншалықты қатерлі қиындықтарға шыдауға тәуекел еткенін сол кездің өзінде-ақ түсінген едім. Сондықтан да әр демалыс сайын үйге келгенде ондағы шаруаның қайсысына болса да барынша көбірек қолғабыс етуге жанымды сала кірісетінмін. Айта кетейін, жаздыгүні бұрын да селтеңдеп бос жүруге уақыт та, мұрша да болмайтын. Әрбір оқу жылынан кейін не егіс даласына, не таудағы шабындыққа пішен шабуға баратынбыз, не мал бағуға кететінбіз.

Менің мектеп бітіруім, егер осылай деп айтуға болса, бір «тарихи» оқиғамен тұспа-тұс келді. «Коммунизм дегеніміз Совет өкіметі және бүкіл елімізді электрлендіру» деген әйгілі лениндік қағидаға химияландыру деген нәрсе қосылды. Шамасы, Н. С. Хрущев Совет өкіметі де, электр де жеткілікті бола тұра әлі де коммунизмнің төбесі көріне қоймағандықтан, тағы бір қоспаны шұғыл түрде қосу керек деп санаған-ау, сірә.

Қысқасы, мен Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне түсуге бел байладым. Бұл жолы әкем бұл ниетімді бірден қолдай кетті. Байқауымша, ол да химияландыру туралы әңгімелер мен радио хабарларын көп естіген болуы керек. Оның үстіне жазу жаза білмесе де, газет оқуды сүйетін. Ауылда бірінші болып радио сатып алғанымызды да айта кеткен мақұл. Бұл өзі ұмытпасам, 1954 жылы Алматы базарына барған бір сапарымызда болған сияқты еді. Тап қазіргідей есімде — жәшік «Москвич» деп аталады екен. Бастапқыда үйіміз-



